

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1569 тіркелген, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Мемлекеттік бағалы қағаздарға Ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру қағидаларын бекіту туралы" 2001 жылғы 15 мамырдағы N 828 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 301 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 1 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3240. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 қазандағы N 158 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008.10.29 N 158 Қаулысымен.

----- Қаулыдан үзінді -----

Бағалы қағаздар рыногын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі - Агенттік) ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа е н г і з і л е д і .

3. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап осы қаулының қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

4

5

6. ...

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы Қаржы

нарығын және қаржы ұйымдарын

реттеу мен қадағалау агенттігі

Басқармасының 2008 жылғы

29 қазандағы N 158 қаулысына

қосымша

Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1
2

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1569 тіркелген, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Мемлекеттік бағалы қағаздарға Ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру қағидаларын бекіту туралы" 2001 жылғы 15 мамырдағы N 828 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2004 жылғы 25 қазандағы N 301 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3240 тіркелген)

4

5. ...

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Мемлекеттік бағалы қағаздарға Ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру қағидаларын бекіту туралы" 2001 жылғы 15 мамырдағы N 828 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1569 тіркелген, 2002 жылғы тамыз айында Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілер жинағында жарияланған, 5 том), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 114 қаулысымен бекітілген өзгерістермен және толықтырулармен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2312 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспеде "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағы 3) және 15) тармақшаларына" деген сөздер "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік бағалы қағаздарға Ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру қағидаларында:

кіріспеде "және жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

барлық мәтін бойынша "эмиссиясы", "эмиссиясының" деген сөздер тиісінше " шығарылымы" "шығарылымының" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың 5) тармақшасында "немесе Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органы" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақтың 7) тармақшасы алынып тасталсын;

7-тармақтың 3) тармақшасындағы "7" саны "6" санымен ауыстырылсын;

18-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

1-қосымшаның 3-тармағының 3)-18) тармақшалары алынып тасталсын.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

3. Агенттіктің Бағалы қағаздар рыногының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Токобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

4. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға